



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

1. Koloskov. How to increase the immunological transfusion safety therapy? Medical newspaper. Science and Practice of Practice - Working on the bugs. - № 82 dated October 27, 2006
2. Luis Ugozzoli and R. Bruce Wallace Application of an Allele-Specific Polymerase
3. Chain Reaction to the Direct Determination of ABO Blood Group Genotypes.- GENOMICS. 1992.- 12.-p.670-674.
4. S.L. Pearson, M.J. Hessner ABO genotyping by multiplexed allele-specific PCR British
5. Journal of Haematology.- 1998.- 100.- p.229-234.

УДК 581.19.577.1

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ПЕРСПЕКТИВТІ ӨСІМДІКТЕРДІ ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Туртаева Р.А., Дүкенбаева А.Д.
raykhan.turtaeva@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы, Еуразия Ұлттық Университетінің, Жаратылыстану ғылымдар факультетінің, Жалпы биология және геномика кафедрасының 4 курс студенті.

Қазақстан Республикасы территориясында 5 мыңнан астам өсімдіктер түрлері кездеседі, олардың көпшілігінен қажетті дәрілер өндіруге болады. Осы уақытқа дейін олардың тек 130 түрі ғана дәрілер өндіру үшін шикізат ретінде пайдаланылады. Қазіргі уақытта дәрілік өсімдіктер түрлері Орталық Қазақстанда және Алматы облысында, Оңтүстік Қазақстан облыстарында зерттеліп қарастырылып жатыр. Дәрілік өсімдіктердің емдік қасиеті өте ерте кезден белгілі болған. Биологиялық белсенді заттардың көпшілігі мысалы, алкалоидтар және гликозидтердің көп дозасы улы, бірақ организмге қолданылатын аз мөлшерінің 0,01 және одан да аз емдік қасиеті бар. Өсімдіктердің пайдалы қасиеттерінің бар екендігі және оны адам өмірінде түрлі жағдайда пайдалану көне заманнан басталған. Ежелгі қоғамда-ақ өсімдіктерді зерттеп, танып-біліп, оларға ат қойып, жеміс-жидектерін, дәндерін азыққа, жапырақ, сабақ, гүл, тамырларын дәрі-дәрмекке, тері илеуге, түрлі нәрселерді бояуға пайдаланған. Қазіргі күнде барлық зерттеушілер үшін медицина қажетіне қолданылатын препараттарды табиғи өсімдік шикізаттарынан алу мәселесі өзекті ізденіс болып табылуда. Табиғи қосындылар және олардың негізінде жасалынатын препараттар синтетикалық дәрілік препараттарға қарағанда әлдеқайда пайдалы болып келеді. Себебі, олар ауыр түрде өтетін ауру түрлерінің терапиясы кезінде жоғары тиімділікпен және уыттылығының аз болуымен ерекшеленеді, сонымен қатар адам ағзасына кең спектрлі биологиялық әсер ететіні де белгілі. Дәрілік өсімдіктер — қазіргі кезге дейін әртүрлі дәрілік препараттар алатын шикізаттың негізгі көзі болып табылады. Қазіргі кезде олардан 40 %-ға жуық дәрілік заттар және препараттар алынады. Сондықтан адам ағзасындағы ауыр, қатерлі ауруларын емдеуде өсімдіктерден жасалған препараттар кеңінен қолданылуда [1]. КазНУ зерттеушісі Н. Мұхитдинов Оңтүстік Қазақстан облысының Алматы қаласындағы әр түрлі экология жағдайларында — сор және сортаң топырақта, Іле Алатауының Альпі, субальпі, бұталы, шөптесін өсімдікті белдеулерінде өсетін доминантты өсімдіктердің тамыр жүйесінің морфоқұрылымына алғаш рет талдау жасады. Табиғи флорадағы және мәдени өсімдіктердің 50 түрінің тамыр жүйесінің ерекшеліктерін және басқа да экологиялық жағдайларда өсетін 110 өсімдік түрлерінің тамыр жүйесін зерттеді [2]. Және тағы басқа Алматы қаласының зерттеушілері. В.Н.Кузьмин зерттеу барысында өсімдіктердің өсіп-жетілу мен әсері олардың биохимиялық және физиологиялық ерекшеліктеріне байланысты болып келетінін анықтады [3]. Сонымен қатар ОҚО-дағы Мухтар Ауезов атындағы ОҚМУ-нің

зерттеушілері Туралиева М.А., б.ғ.д.Ешибаев А.А., б.ғ.к. Сапарбекова А.А. Оңтүстік Қазақстан флорасының дәрілік өсімдіктері және олардың антибиотиктік қасиеттерін пайдалану перспективасын анықтай отырып Оңтүстік Қазақстан облысы флорасын 3000 астам шөптесін, бұта және ағаш тектес өсімдік түрлері кұрайтынын, бұл Қазақстан флорасының тең жартысынан көп мөлшерін алып жатқанын, бұл көлем облыстағы үш фитогеографиялық аудандарда таралғанын зерттей отырып, олардың ішінде сирек кездесетін, жойылып кету қаупі бар санаттарға жататын, ғылыми және практикалық маңызы бар өсімдік түрлері көптеп кездесетінін анықтады. Бірақ, қазіргі таңда, олардың барлығы толығымен зерттеліп бітпеген. Мысалы үшін, осы аталған биоалуандылықтың ішінде 100-ден астам өсімдік түрлерінің құрамында дәрілік қасиеттері бар заттардың кездесетіндігі анықталған. Ал, сол сияқты, басқа да көптеген өсімдіктердің химиялық құрамдары әлі күнге зерттелмеген. Бұл жағдай жергілікті флораның экономика салалары үшін аса маңызды өсімдік шикізаты бола алатын түрлердің әлі күнге ашылмағанын және олардың пайдаланылмай келе жатқанын көрсетеді. Сондықтан, осы бағытта зерттеу жүргізіп, дәрілік қасиеті бар өсімдіктердің жаңа түрлерін анықтап, сонымен қатар, белгілі түрлерінің қосымша қасиеттерін зерттеу маңызды болып табылады. Өсімдіктердің пайдалы қасиеттерінің бар екендігі және оны адам өмірінде түрлі жағдайда пайдалану көне заманнан басталған. Ежелгі қоғамда-ақ өсімдіктерді зерттеп, танып-біліп, оларға ат қойып, жеміс-жидектерін, дәндерін азыққа, жапырақ, сабақ, гүл, тамырларын дәрі-дәрмекке, тері илеуге, түрлі нәрселерді бояуға пайдаланған [4]. Қазіргі күнде барлық зерттеушілер үшін медицина қажетіне қолданылатын препараттарды табиғи өсімдік шикізаттарынан алу мәселесі өзекті ізденіс болып табылуда. Табиғи қосындылар және олардың негізінде жасалынатын препараттар синтетикалық дәрілік препараттарға қарағанда әлдеқайда пайдалы болып келеді. Себебі, олар ауыр түрде өтетін ауру түрлерінің терапиясы кезінде жоғары тиімділікпен және уыттылығының аз болуымен ерекшеленеді, сонымен қатар адам ағзасына кең спектрлі биологиялық әсер ететіні де белгілі.

Дәрілік өсімдіктердің құрамындағы әсерлік заттардың табиғаты да толығымен зерттеліп біткен жоқ. Ол заттар алколоидтар, глюкозидтер, сапониндер, эфир майлары, органикалық қышқылдар, фитонцидтер, ферменттер, витаминдер және гормондар болып анықталған. Одан басқа физиологиялық белсенді және әсері бойынша құнды химиялық заттардың көбінің табиғаты осы күнге белгісіз болып қалуда. Сондықтан, қазіргі замандағы аналитикалық базаның дамуына байланысты, бұл деректер де қайта тексеріліп нақтылауды талап етеді. Аталып кеткен биологиялық белсенді заттардың көпшілігі антибиотиктік қасиеттерге ие. Жүргізілген зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, өсімдік құрамындағы бұл заттардың мөлшері, ол өсімдіктердің өсу жағдайымен тікелей байланысты. Дегенмен, аса құнды өсімдіктердің табиғи тұрғыдағы фиторесурстары өте шектеулі немесе олар Қызыл Кітапқа енген түрлер тізімінде. Осыған байланысты, олардың қасиеттерін пайдалану үшін, оларды мәдени егістіктерде өсіру қажет. Ол үшін, перспективті өсімдік түрлерін мәдени егіншілікте өсірудің агротехнологиясында қоса зерттеу маңызды және шешімін күтіп отырған өзекті мәселеге жатады. Медицина және фармацевтика салаларының мұқтажы үшін пайдалы өсімдіктерден аталған емдік заттарды бөліп алу әдістері мен одан тиімді препаратты алу технологиялары мәселенің келесі кезеңдері болып табылады [5]. Бұл кезеңде таза экстракттарды бөліп алу, дәрілік тиімділігін төмендетпей сақтау және препараттық пішінін түзу мәселелері де ізденіс жұмыстарын жүргізуді талап етеді. Өсімдік тектес препараттарды жасау барысында әр өсімдіктің емдік қасиеті ескеріледі, сондықтан көп жағдайда өсімдіктердің жиынтығын пайдаланады, яғни мұндай препараттардың емдік қасиеттері жоғары болып келеді. Қазіргі таңдағы медицинада бес мыңнан аса препараттар мен субстанцияларды қолданады, олардың 2/5 бөлігі шамасындай дәрілік өсімдіктерден алынады. Дәрілік өсімдіктерді жинау барысында олардың құрамында уытты заттар кездеседі. Өсімдік құрамынан алынатын антибиотикалық экстракттілерді пайдаланудың тағы бір бағытына өсімдік ауруларымен зиянкестеріне қарсы препараттар алу. Қазіргі замандағы түрлі инвазиялық үрдістердің арту кезеңінде өсімдік қорғау мәселесі де жаңа шешімдерді


табуды талап етіп отыр. Бұл бағытта біздің елде атқарылып жатқан зерттеу жұмыстары әлі көп емес және айтарлықтай нәтижелер әлі белгісіз. Бірақ Оңтүстік Қазақстан облысында өсетін дәрілік өсімдіктер түрлері бұрын сонды зерттелген жоқ. Осыған байланысты біздің мақсатымыз ОҚО Шымкент қаласының Түлкібас ауданындағы және Ақбастау елді-мекенінің Қостұра тауындағы және Машат тауындағы бірнеше дәрілік өсімдіктер түрлерін зерттеуді және олардың практикалық маңызын қарастыру. Оңтүстік Қазақстан облысында кездесетін дәрілік өсімдіктердің түрлерін анықтап солардың ішіндегі бірнеше түріне зерттеу жасау үстіндеміз. Біздің зерттеген 12 түрлі дәрілік өсімдіктеріміздің қорытындысы мен практикалық маңызы мына кестеде көрсетілген [6-7-8].

І Кесте
Өсімдіктердің практикалық маңызы

	Өсімдіктердің атауы (қазақша, орысша, латынша)	Тұқымдасы	Жиналған орны	Практикалық маңыздылығы
	Жалбызтікен Алтей лекарственный <i>Althaea officinalis</i>	Мальвовые <i>Malvaceae</i> Мальвовалар	Таулы тастақты жерлерде	Жалбызтікен тамырын (бүтінкесілген) қабынуға қарсы және қақырық түсіруге, жөтелге қарсы, жоғарғы тыныс жолдары ауруына қолданады. Асқазан ойық жарасына, гастритке, оны екі елі ішек ауруына, трахеит, ларенгит Жалбызтікеннің жапырақтарынан мукалтин деген дәрі алынады. Мукалтинде жалбызтікен шөбінің полисахаридтер қосындысы бар. Оны қақырық түсіруге қолданады.
	Бузульник Нарынский <i>Ligularia narynensis</i>	Сложноцветные <i>Compositae</i> Күрделігүлділер	Таудың жоғарғы жағында	Халықтық медицинада дәрілік препарат ретінде қолданады.
	Венгр Котовнигі Венгерский котовник <i>Nepeta pannonica</i> L.	Губоцветные <i>Lamiaceae</i> Ерінгүлділер	Таулы жапырақты ормандарда	Сабағынан эфир майы және флавоноид алынады. Жапырағында эфир майы 0,18% ,альфа-амирин стеройды (бета-ситостерин, стигмастерин, ланостерин), С дәрумені алынады. Эфир майын парфюмерияда, ал тұнбасын астенияға және сифилиске қарсы қолданады.
	Аралдық Климакоптера Климакоптера аральская <i>Climacoptera aralensis</i>	Маревых <i>Chenopodiaceae</i>	Жазық далалы шөлді жерлерде.	Мал азығы ретінде қолданылады.
	Мыңжапырақ	Сложноцветные	Төменгі	Эфир майы құрамында кездеседі.

	Тысячелистник <i>Achillea millefolium L.</i>	е <i>Compositeae</i> Күрделігүлділер	таулы жерде, далалы аймақтарда	
	Иссоп <i>Hyssopus officinalis</i>	Яснотковые <i>Lamiaceae</i> Ерінгүлділер	Таулы ормандарда	Эфир майы кездеседі.
	Качим метельчатый <i>Gypsophila paniculata L.</i>	Гвоздичные <i>Caryophyllaceae</i> Қалампырлар	Жазық далалы жерлерде	Халықтық медицинада шөптің қайнатпасын зэрайдатқыға, бүйрек ауруына, қуыққа, грыжаға, ревматизмге, артритке, подаграға, және гепатитке қарсы қолданады. Тері ауруына қарсы пайдаланылады. Құрамында Алколоид бар.
	Ақбастікен Кузиния теневая <i>Cousinia umbrosa Bunge</i>	Сложноцветные е <i>Compositeae</i> Күрделігүлділер	Таулы жапырақты ормандарда	Халықтық медицинада шөптің тамырының қайнатпасын, асқазан-ішек ауруларына, өкпе ауруына, бронхитке қарсы қолданады. Асқазан-ішек ауруларына профилактикалық ем ретінде қолданады.
	Жалбыз бұрыш Мята Перечная <i>Mentha piperita L.</i>	Губоцветные <i>Lamiaceae</i> Lindl. Ерінгүлділер	Жазық және тасты жерлерде	Жалбыздың қайнатпасын тері ауруына, ауыз шаюға, тәбетті көтеруге, етеккір алдында, жүктілік кезінде, жоғарғы тыныс жолдарына бронхитке, тіс ауруына, асқазан ішек жарасына қолданады. 20 гр жапыраққа 500мл су құйып аузын жауып 2 сағат қатты қайнату керек. Күніне тамақтан алдын 1, 2 стакан ішу керек.
0	Азиялық шоңайна Репейничек азиатский <i>Agrimonia asiatica Juz.</i>	Розоцветные <i>Rosaceae</i> Розагүлділер	Таулы жапырақты ормандарда	Халықтық медицинада ревматизмге қарсы, мұрыннан қан тоқтамағанға қарсы, іш өткенге қарсы, бас ауруына қарсы қолданады. Гүлдің қайнатпасын шайдың орнына пайдаланады.
1	Болиголов Пятнистый	Болиголов Пятнистый <i>Conium Maculatum L.</i>	Жазық далалы аймақтарда	Құрамында эфир майы және алколоид бар.
2	Пижма	Пижма обыкновенная <i>Tanacetum vulgare L.</i>	Төменгі таулы жерде, далалы аймақтарда, дөң жоталарда	Құрамында эфир майы және алколоид бар.

Түлкібас ауданы мен Ақбастау елді-мекенінің Қостұра тауындағы және Машат тауындағы перспективті өсімдіктердің практикалық маңызы бойынша диаграмма.



Қолданылған әдебиеттер:

1. Дудченко Л. Г., Козьяков А. С., Кривенко В. В. Пряно-ароматические и пряно-вкусовые растения: Справочник / Отв. ред. К. М. Сытник. — К.: Наукова думка, 1989. — 304 с. — 100 000 экз. — [ISBN 5-12-000483-0](#)

2. Мухитдинов Н.Н. Эколого-морфологические особенности подземных органов растений эфемерово-ирисово-полынно-разнотравной ассоциации среднегорья Заилийского Алатау (соавтор С.Т.Айтакова). "Поиск" N1. Науч.журнал Мин.образования Республики Казахстан. Алматы, 1996, с.51-61.

Мұхитдинов Н.Н., Бегенов Ә.Б., Айдосова С.С. Өсімдіктер морфологиясы және анатомиясы. Алматы, 2001 «Қазақ Университеті» баспасы.

3. Иващенко А. А. Қазақстанның өсімдіктер әлемі – Алматы кітап, 2004
Георгиевский В. П., Комиссаренко Н. Ф., Дмитрук С. Е. Биологически активные вещества лекарственных растений. — Новосибирск: Наука, 1990. — 336 б.

4. Оңтүстік Қазақстан облысының энциклопедиясы.

5. Павлов Н. В. Растительные ресурсы Южного Казахстана. М., Изд-во Моск. об-ва испыт. природы, 1947.

6. Дудченко Л. Г., Козьяков А. С., Кривенко В. В. Пряно-ароматические и пряно-вкусовые растения: Справочник / Отв. ред. К. М. Сытник. — К.: Наукова думка, 1989. — 304 с. — 100 000 экз. — [ISBN 5-12-000483-0](#).

7. [Мята перечная](#) в [Энциклопедии декоративных садовых растений](#).

8. "Лекарственные растения" Попов В.И., Шапиро Д.К., Данусевич И.К.;

9. "Лекарственные растения и их применение в народе" Носаль М., Носаль И.

10. Губанов И. А. и др. 395. *Goodyera repens* (L.) R.Br. — Гудайера ползучая // Иллюстрированный определитель растений Средней России. В 3 т. — М.: Т-во науч. изд. КМК, Ин-т технолог. иссл., 2002. — Т. 1. Папоротники, хвощи, плауны, голосеменные, покрытосеменные (однодольные). — С. 505. — ISBN 8-87317-091-6.